ЗЕРЕНДІ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

90 ЖЫЛ ЗЕРЕНДІ

# ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады ● Жұма, 14 қараша, 2025 жыл №45 (666)

## ПРЕЗИДЕНТ

### Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасарын қабылдады

**Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары Денис Мантуровты қабылдады.**

Кездесуде Қазақстан Президентінің Мәскеуге жасайтын мемлекеттік сапары аясында қаралатын көпжоспарлы ынтымақтастықтың басты бағыттары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы сапарға ерекше мән беріп отырғанын және келіссөздердің табысты өтетініне сенімді екенін жеткізді. Мемлекет басшысы екі ел үкіметтерінің белсенді әрі үйлесімді жұмысының арқасында Ресей Қазақстанның жетекші сауда-экономикалық серіктестерінің бірі болып қала беретініне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Владимир Путинмен екіжақты тауар айналымының көлемін таяу арада 30 миллиард долларға дейін арттыру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілгенін еске салды.

Президент Ресей Федерациясы Қазақстан экономикасына қаржы салған жетекші инвесторлардың бірі болып отырғанына назар аударды. Былтыр жалпы инвестиция көлемі 4 миллиард долларға жетті.

Мемлекет басшысы елімізде көптеген ресейлік компания жемісті жұмыс істеп жатқанын мәлімдеді. Бұл екі ел арасындағы өзара сенімнің жоғары деңгейін көрсетеді.

Денис Мантуров қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдіріп, ресейлік тараптың екіжақты байланыстарды одан әрі кеңейтуге дайын екенін растады.

Ресей Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары тараптар бірлескен жобаларды дамытуға берік негіз қалағанын айтып, олардың табысты жүзеге асырылатынына сенім білдірді.

**www.akorda.kz**

## ҮКІМЕТ

### Мемлекет басшысы Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайыловты қабылдады

**Қасым-Жомарт Тоқаевқа ведомствоның биылғы тоғыз айдағы қызметінің есебі және 2026 жылға арналған жоспары таныстырылды.**

Әлихан Смайылов мемлекеттік аудиторлар жалпы құны 32 триллион теңге болатын 18 ірі тексеру жүргізгенін айтты. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22,8 триллион теңгеге көп.

Президентке мемлекет пайдасына 112 миллиард теңге өндірілгені туралы мәлімет берілді. Анықталған кемшіліктерді жою үшін Үкіметке және аудит нысандарына 96 ұсыным мен 800-ге жуық орындалуға міндетті нұсқама жіберілді. Аудит қорытындысы бойынша 42 материал құқық қорғау органдарына жолданды.

Әлихан Смайылов Жоғары аудиторлық палатаның қызметін цифрландыру шеңберінде аудиторлық жұмыстың барлық кезеңдерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе енгізілгенін жеткізді.

Ведомство келесі жылы 40-қа жуық аудиторлық тексеріс жүргізуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, тексеру жұмыстары отандық фармацевтикалық өнім өндірушілерді қолдау, инвестиция тарту, автомобиль жолдарын дамыту, мемлекеттік ақпарат саясаты бағыттарын, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазпошта» АҚ және Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетін және тағы басқа мекемелерді қамтиды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аудитті жетілдіру бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

**ortcom.kz**

## ПАРЛАМЕНТ

### Мемлекет кәсіпкердің қарсыласы емес, серіктесі болуы керек

**ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов пен Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров «Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 08.09.2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы және Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 10 жылдығы: реттеуші саясатты жетілдіру жолдары» тақырыбы бойынша өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.**

Қатысушылар кәсіпкерлік туралы заңнаманың даму барысын, мемлекет пен бизнестің ұзақ мерзімді әріптестігін қалыптастырудағы оның рөлін, әкімшілік әділетті одан әрі дамытуды және экономиканы цифрландыру жағдайындағы реттеуші реформаның бағытын талқылады.

Сенат Төрағасының орынбасары өз сөзінде Кәсіпкерлік кодексінің қалыптасу тарихы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының жаңа мәдениетін қалыптастырудағы маңызды кезең болғанын атап өтті.

Құқық кеңістігін оңайлату, кәсіпкерлерді қорғау тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ реттеуші саясаттың ашықтығы мен болжамды болуын арттыру мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Қатысушылар кәсіпкерлік ортаны одан әрі дамыту бастама еркіндігі мен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы диалогқа деген сенімді нығайтуды талап ететінін атап өтті.

**senate.parlam.kz**

# Облыс әкімі Зеренділіктермен ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және әлеуметтік саланы дамыту мәселелерін талқылады

**Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың Зеренді ауданы тұрғындарымен кездесуі ашық әрі мазмұнды өтті – әңгіме егін жинау науқаны мен цифрлық технологияларды енгізуден бастап, туризм мен әлеуметтік салаланы дамытуға дейін өрбіді. Өңір басшысы ауданның әлеуеті жоғары екенін және оның тұрақты дамуы облыстың жалпы жетістігіне айтарлықтай әсер ететінін атап өтті.**




Аудан экономикасының негізгі саласы – ауыл шаруашылығы болып қала береді. Биыл майлы дақылдар егілетін алқап 87 мың гектарға дейін ұлғайтылды.

«Зеренділік аграрийлер жақсы нәтижелерге қол жеткізіп отыр: өнімділік облыс орташа көрсеткішінен жоғары, жалпы жиналған астық көлемі жарты миллион тоннадан асты. Бұл – мемлекеттік қолдаудың тиімділігін көрсетеді. Тек жеңілдетілген бағдарламалар аясында аудан 17 миллиард теңгеден астам қаржы алып, фермерлер 78 жаңа техника бірлігін және 9 мың тонна арзандатылған дизель отынын сатып алды», – деді Марат Ахметжанов.

Жоғары нәтижелерге «Дихан Плюс», «Викторовское ГЦК», «КазГрэйн Фидерс» және «Тулебаев» кәсіпорындары қол жеткізді. «Дихан Плюс» шаруашылығы ауыл шаруашылығына жасанды интеллект енгізу бойынша пилоттық алаңға айналды. Мұнда дрондар, егіс алқаптарының цифрлық карталары және өнімділікті талдаудың автоматтандырылған жүйелері қолданылуда.

«Біз цифрлық технологияларды агросекторға тәжірибе үшін емес, нақты нәтиже алу мақсатында енгізіп отырмыз. Мысалы, «Дихан Плюс» кәсіпорнында II жүйесі егіс уақытының ең тиімді кезеңін анықтап, отын шығынын 15%-ға дейін азайтуға көмектеседі. «Кең дала-2» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несие беру кезінде осындай шешімдерді енгізген шаруашылықтарға басымдық беріледі», – деп атап өтті өңір басшысы.

Қазіргі уақытта 400 бас ірі қараға арналған «Агро Милк Проджект» сүт-тауар фермасының құрылысы аяқталуға жақын. Болашақта 5 мыңнан астам малға арналған екі ірі ферма салу жоспарлануда. Сонымен қатар Қарағай станциясы маңында 96 гектарлық индустриялық аймақ құру жұмыстары жүргізілуде. Биыл аудандағы инвестиция көлемі 16,4 млрд теңгені құрады.

Аудан өңірдің өнеркәсіптік әлеуетінде де маңызды рөл атқарады. Мұнда елдегі ең ірі алтын өндіру фабрикасы – «Алтынтау Көкшетау» жұмыс істейді, ол облыстың өнеркәсіптік өнімінің 27%-ын қамтамасыз етеді. Жақында ауданда «Зевс Энерго» және «Polymettech» кәсіпорындары тіркелді, келесі жылы олар жергілікті бюджетке 1,5 млрд теңгеден астам салық түсімін қамтамасыз етпек.

Зеренді ауданы туристік орталық ретінде де белсенді дамып келеді. Мұнда визит-орталық пен креативті индустриялар хабының құрылысы басталды, онда көрмелер мен мәдени іс-шаралар өтеді. Спонсорлық қолдау есебінен шаңғы-роллер трассасы жарықтандырылып, асфальт төселді.

Автожолдарды жөндеуге 1 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 30 шақырымнан астам жол жөнделді. 12 ауылда орталық су құбыры салынды немесе қайта жаңғыртылды, тағы 19 елді мекенде су тарату кешендері орнатылды. Білім беру нысандарына бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 3,3 есе артты. Зерендіде Балалар шығармашылығы үйі мен музыкалық мектеп орналасқан жаңа ғимарат ашылды, Айдабол ауылында дәрігерлік амбулатория, ал Мәлік Ғабдуллин ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт салынды.

«Ауылда мектеп, шығармашылық үйі, медициналық пункт болса – бұл жерде өмір бар деген сөз. Тек биылдың өзінде ауданның әлеуметтік саласына 2 млрд теңгеден астам қаржы бағыттадық. Бұл нәтиже беруде: жаңарған мектептер, жаңа жолдар мен су құбырлары – соның дәлелі», – деді Марат Ахметжанов.

Кездесу соңында облыс әкімі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметкерлеріне алғыс хаттар мен сертификаттар табыстап, аграрлық саланың дамуына қосқан үлестері үшін ризашылығын білдірді.

**Ақмола облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.**



## Тәуелсіздіктің маңызды нышаны

***Құрметті Зеренді ауданының тұрғындары!***

Сіздерді алдағы мереке – Ұлттық валюта – теңге күнімен құттықтаймын!

15 қараша – біздің егеменді Қазақстанымыз үшін айтулы маңызды күн. Дәл осы күні, 32 жыл бұрын, мемлекет тәуелсіздігінің маңызды нышаны, экономикалық және саяси маңызы зор қазақ валютасы айналымға енгізілді.

Бүгінде біз теңгенің тұрақты валюта екенін, халық сеніміне ие болған және шетелде құрметтелетінін мақтанышпен мәлімдей аламыз.

Мұнымен қатар 15 қараша – өздерінің білікті еңбектерімен экономикалық өсімді және азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыздандырушы қаржыгерлердің кәсіби мерекесі.

Қаржы жүйесінің қызметкерлерін және барша Зеренді өңірінің тұрғындарын осы айтулы мерекемен құттықтаймын! Сіздерге амандық, өркендеу және еліміздің тұрақты дамуына бағытталған мақсатты еңбектеріне толымды табыстар тілеймін!

**Әсет ҚҰРМАНҒОЖИН,**
**Зеренді ауданының әкімі.**

## Агроөнеркәсіп саласы қызметкерлерінің жетістіктері арта берсін!

**Құрметті агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлері!**

Кәсіби мерекелеріңіз – Ауыл шаруашылығы, азық-түлік және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Сіздердің күнделікті, тынымсыз және адал еңбектеріңіз өңірдегі азық-түлік тұрақтылығын, қауіпсіздігін және жалпы экономикалық өсімді қамтамасыз етеді. Биыл біздің диқандарымыз айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп, бірқатар шаруашылықтардың егіс алқаптарының әр гектарынан алған өнімдері 40 центнерден асты. Мал шаруашылығы саласында да жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. Мұның бәрі сіздердің кәсібиліктеріңіздің, мамандықтарыңызға берілгендіктеріңіздің, ұзақ жылдарғы тәжірибелеріңіз бен жауапкершіліктеріңіздің нәтижесі.

Азық-түлік және өңдеу өнеркәсібінің еңбеккерлері де шикізаттың қауіпсіздігі мен өңделуін және өнім өндірісін қамтамасыз ету арқылы экономикалық өркендеуге өздерінің айтуға тұрарлық үлестерін қосуда.

Барша агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерін алдағы мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге бақыт, өркендеу, табыстар, қиыншылыққа толы, маңызды және аса қажетті істеріңізге жетістіктер тілеймін!

**Әсет ҚҰРМАНҒОЖИН,**
**Зеренді ауданының әкімі.**

